

Өмір Тұяқбаев¹, Асқар Жиренов², Үміт Қыдырбаева³

¹ *Әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Жазба жәдігер және рухани мұра» ҒЗО ғылыми қызметкері, PhD*

(Алматы, Қазақстан)

e-mail: otuyak_76@mail.ru

² *«Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейінің меңгерушісі, докторант*

(Алматы, Қазақстан)

e-mail: seikhuni.kz@mail.ru

³ *Познань А. Мицкевич университеті, адъюнкт, PhD*

(Познань, Польша)

e-mail: kydyrbayevaumit@gmail.com

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЖАЗБА МҰРАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ РӨЛІ

Андатпа. Дүниежүзілік технократиялық саяси процесстер күшейген сайын әлемдік жаһандану үрдісі де, мәдени кеңістіктің унификациясы да қарқын алып келе жатқаны анық. Жаһанданудың қатерлері алдында Қазақстан Республикасында ұлт мәдениеті, құндылықтары, ұлттық коды ішкі саясат, мәдениет және идеология саласындағы басты бағдар ретінде таңдалып отыр. Оларды зерттеу, ел ұстанымына орнықтыру мақсатында ҚР Үкіметі бірнеше мемлекеттік бағдарламаларды қабылдап, ұлттық мәдениет пен тарихты әр алуандығымен және ұлылығымен қосып зерттеуге, мәдени мұраларды жинастырып, ел болашағының игілігіне пайдалануға үлкен қаржы бөлді. Бұл саясат бүгінде «Архив – 2025» жобасымен жалғасын тауып, сол бойынша ғылыми ізденістер әлі де жалғасуда

Өткен ғасырларда өркениеттер тоғысы түйісінде халықтардың мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен біте қайнасып, кең ауқымда дамыған мәдениеттің бірі – емшілік өнер. Мақалада өткен ғасырларда түрлі халықтар мен Ұлыстар арасындағы мәдени алмасуларда дала өркениеті, соның ішінде медицинасы қалай дамыды, қандай орны болды деген сұрақтарға жауап ізделеді. Мемлекеттік бағдарламалар аясындағы ізденістер нәтижесінде анықталған Дала медицинасының жарқын деректері – «Таңсұқ-нәме Илхәнй», «Асрар ал-Атибба» сынды шығармаларға, олардың зерттелу мәселелеріне шолу жасалады.

Түйін сөздер: мемлекеттік бағдарлама рөлі, Жібек жолы бойындағы мәдени алмасулар, ортағасырлық жазба мұралар, «Таңсұқ-нәме Илхәни», «Асрәр ал-атиббә'», дала медицинасы.

Omir Tuyakbaev, Askar Zhirenov, Umit Kydyrbaeva
THE ROLE OF STATE PROGRAMS IN THE STUDY OF WRITTEN HERITAGE

Abstract. Recent scientific studies often note that as technocratic political processes intensify in the world, the process of globalization and unification of cultural space are gaining momentum. In the context of threats from globalization, national culture, values, and national code have been chosen as the main guidelines in the field of domestic politics, culture and ideology in the Republic of Kazakhstan. In order to study, develop and establish them in the country, the Government of the Republic of Kazakhstan adopted several state programs and allocated large funds for the study of national culture and history in all its diversity and grandeur and its use for the benefit of the future of the country. Today, this policy is continued by the Archive 2025 project, within the framework of which representatives of the social and human sciences and specialized specialists are mobilized for scientific research.

Healing art is one of the cultures that has become widely developed and intertwined with the culture, lifestyle and worldview of the peoples of past centuries at the junction of civilizations. The article seeks answers to questions about how steppe culture, including medicine, developed, and what place it played in the cultural exchange between peoples and states in past centuries. The article reviews “Tansuk-name Ilkhani”, “Asrar al-Atibba” as bright sources of steppe medicine, identified as a result of research within the framework of government programs, the problems of their research.

Keywords: *the role of the state program, cultural exchanges on the Silk Road, medieval written heritage, "Tansūk-nāme Ilkhānī", "Asrār al-atibbā", steppe medicine.*

Омир Туякбаев, Аскар Жиренов, Умит Қыдырбаева
РОЛЬ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРОГРАММ В ИССЛЕДОВАНИИ ПИСЬМЕННОГО НАСЛЕДИЯ

Аннотация. В последних научных исследованиях часто отмечается, что по мере усиления технократических политических процессов в мире набирают обороты процессы глобализации и унификации культурного пространства. В условиях угроз глобализации национальная культура, ценности и национальный код выбраны в качестве основных ориентиров в области внутренней политики, культуры и идеологии в Республике Казахстан. В целях их изучения, развития и утверждения в стране Правительством Республики Казахстан принято несколько государственных

программ и выделены крупные средства на изучение национальной культуры и истории во всем ее многообразии и величии и использование ее на благо народа. будущее страны. Сегодня эту политику продолжает проект «Архив 2025», в рамках которого к научным исследованиям мобилизуются представители социальных и гуманитарных наук и профильные специалисты.

Искусство врачевания – одна из культур, получившая широкое развитие и переплетающаяся с культурой, образом жизни и мировоззрением народов прошлых веков на стыке цивилизаций. В статье предпринимаются попытки ответить на вопросы о том, как развивалась степная культура, в том числе и медицина, и какое место она играла в культурном обмене между народами и государствами в прошлые века. В статье рассматриваются «Тансұк нәме Илхәни», «Асрәр аль-Атиббә'» как яркие источники степной медицины, выявленные в результате исследований в рамках государственных программ, проблемы их исследования.

***Ключевые слова:** роль государственной программы, культурные обмены на Шелковом пути, средневековое письменное наследие, «Тансұк нәме Илхәни», «Асрәр аль-Атиббә'», степная медицина.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасы жаһандану, әлемдік мәдени унификация қаупіне басты қауқар ретінде ұлттық құндылықтар мен ұлттық кодты зерттеу, халық жадында қайта жаңғыртуға үлкен маңыз беріп келеді. 2023 жылдың 18 маусымында Түркістан қаласында өткен ІІ Ұлттық Құрылтайда ҚР президенті Қ.Ж. Тоқаев көнеден жеткен мәдени-мұраларды заман талабына сай жаңғыртып, әлемге насихаттау және бала тәрбиесінде қолдану қажеттігін атап өткен болатын. Бұған дейінгі ҚР Үкіметі қабылдаған «Мәдени мұра», «Халықт тарих толқынында», «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламасы мен жобаларының басты міндеті рухани-мәдени игіліктеріміз, тарихи танымымыз бен жадымыз хатталған көне жазба мұраларын зерттеуге негізделді. Жазба мұралар – Қазақстан аумағындағы тарихи процестің дамуының объективті көрінісін ашықтайтын құнды дереккөз. Бұл тұрғыда Қазақстан мен Орталық Азияның тарихына, тарихи географиясына және мәдениетіне қатысты ақпараттың ең үлкен қабаты – шығыс деректері екені анық.

Батыс пен Шығысты байланыстырған Дешті Қыпшақты түгел дерлік кесіп өткен «Жібек жолы» тек сауда ғана емес, мәдениет пен өркениет көшінің де жолы болғаны анық. Жібек жолы бойында орналасқан көне кент, рабат, қала тұрғындары алыс жақын елдердің саудагерлерімен, жиһанкездерімен араласа жүріп әр елдің хабарын, өнерін, кәсібін біліп отыруға тырысса керек. Мысалы, зергерлер әр елдің асыл тастарын алдырып, олардың сапасын өзара салыстырып, құндысы мен құнсызын ажыратып отырған. Сол сияқты емшілер мен тәуіптер де әр жердің шөбі мен аң өнімдерін сұратып отырса керек-ті.

Зергерлердің сұранысы сауда көрігін қыздырғанын ортағасырларда асыл тастарға арналған бірнеше трактаттардың жазылуынан, бір тілден бір тілге үздіксіз аударылып жатқанынан аңғаруға болады. Қыпшақ қауымынан шыққан, аты заманында мәшһүр болған ортағасырлық ғалым Білік бин ‘Абдалла әл-Қифшақи (шамамен 1189–1263 жж. өмір сүрген) қымбат металдар мен асыл тастардың пайдасы, емдік қасиеті, шығатын жері, өндірілетін ошақтары, сапасы, бағасы, т.с.с. мол мәлімет беретін «Канз ат-туджәр фй ма‘рафат ал-ахджәр» («Тастарды білгісі келетін саудагерлерге қазына») атты 30 баптан тұратын лапидариялық трактатын осындай сұраныстың көптігінен жазған болатын [1].

Жібек жолы бойындағы Орталық Азиядағы металдардың бай табиғи кен орындарының ашылуы алхимия тәжірибесін және металлургиялық материалдармен тәжірибе алмасуды ынталандырды және бұл өз кезегінде асыл тастар туралы сан жетпес трактаттардың жазылуына себеп болды. Жалпы лапидария – асыл тастар туралы еңбектің ең өнімді жазылған жері Орталық Азия болды. Өңірден шыққан Мұхаммед әл-Хорезми (723–850), Ахмад әл-Ферғани (797-860), Хаббаш әл-Хасиб (769-869), Мұхаммед ар-Рази (865–925), Әбу Наср әл-Фараби (870–950), Әбу ал-Уафа Бузджани (940–998), Әбу Әли Ибн Сина (930–1037), Әбу Махмуд ал-Ходжанди (945–1000), Махмуд әл-Қашғари (XI в.), Әбу Райхан әл-Бируни (973–1048), Зайн ад-дин Джурджани (1040–1136), Наср ад-дин ат-Туси (1201–1274), Ұлықбек (1394–1449), Әли Қушшы (1402–1474) т.б. бірнеше ғалым қалам тартқан. Осынша ғалымдардың асыл тастарға арнап еңбек жазуына не себеп? Біздің пайымыдауымызша – Жібек жолы саудагерлері мен колөнер шеберлері тудырған асыл тастарға деген үлкен сұранысы болса керек.

Дәл осындай үрдіс емшілік саласында да орын алған және оның дамуына айтарлықтай септігін тигізген. Емдік шөптерге, аңдардың емдомға қажетті өнімдеріне (сүт, өт, сүйек, май, тері, жүн, т.т.), минералдар мен түрлі қоспаларға сұраныс өте жоғары болған. Нәтижесінде, ғасырлар тоғысында ықылым заманнан халықтардың мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен біте қайнасып, бірге жасап келе жатқан емшілік дәстүр түрлі халықтардың мідениеті, өнері, білімі, тәжірибесі негізінде жан-жақты дами түсті.

Емдік шөптерге деген сұраныстардың сонау ертеден қалыптасқаны жайлы антик жылнамашылары хабар береді. Плиний мен Теофраст римдіктер мен гректердің «скиф шөптері», «скиф тамыры» деп аталатын емдік шөптерді кең қолданғандығы және оларды сауда жолдары арқылы тасымалдағандығы жайында жазады. Мысалы, Рим ветеринары Пелагониус грек және рим дәрігерлерінің «скиф шөптерін» дәрі-дәрмек өндіру үшін кеңінен қолданғанынан және «скиф шөптері» арасында иртамыр (халық атауында – татар шөбі), кирказон тамыры мен понтикалық шандраны арнайы алдырып отырғандарын жазады [2, 20].

Емдік шөптер мен одан дайындалатын дәрі-дәрмектерге үлкен сұраныс ортағасырларда да жалғасын тауып, шығыс медицинасының емдік практикаларынан нақты және алуан түрлі мағлұматтар беретін

медициналық шығармаларға да қызығушылық тудырған. Қытай, тибет, үнді, парсы, араб, грек медицинасы жайлы мол мәлімет беретін бірқатар шығармалар өз кезеңінде билігі жүрген құдіретті хан, сұлтандардың сұранысымен арнайы жазылған немесе аударылған. Сондай еңбектің бірі ретінде – Елхандық Мұхаммед Ғазан ханның (1295-1304) сұранысымен арнайы аударылған қытай, моңғол, түрік халықтарының медицинасынан мол мәлімет беретін «Таңсұқ-нәме-и Илхәнй» және авторы беймәлім Шағатай Ұлысында жазылған «Асрәр әл-атиббә'» («Емшілер сыры»), «Дастур әл-‘илаж» («Емдеу дәстүрі») шығармаларын атауға болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың негізгі нысаны мемлекеттік бағдарламалар аясында зерттеуге қол жеткізген Жібек жолы бойындағы халықтардың медицинасынан мәлімет беретін жазба мұралары болғандықтан зерттеуде этнография, деректану және мәдениеттану ғылымының зерттеу әдістері қолданылады. Жазба деректер мәліметтерін сараптау, жүйелеу және салыстыру әдістері арқылы Жібек жолы бойында қалыптасқан емшілік өнер аспектілері қарастырылады.

Зерттеу әдістемесін анықтауда бірнеше отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері зерделене отырып, этномедицина және деректері жайлы зерттеулерге, ортағасырларда билік құрған түркі мемлекеттерінде жазылған медициналық шығармаларға шолу жасалады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Ұлы даланың медициналық мәдениетін С.Х. Субханбердин [3], А. Артишевский [4], А. Төлеубаев [5], В. Переверзев [6], Х.С. Жұманазаров [7], Г.К. Аалиева [8], А. Афанасьева [9] сынды зерттеушілер әлеуметтік, саяси, мәдени және экономикалық дамудың бір көрінісі, мәдени генезис процесінің бөлігі және адамның бейімделуінің әлеуметтік-мәдени механизмдерінің бірі ретінде зерттеген. Олардың еңбектерінде ХІХ ғ. орыс және шетелдік этнографтардың естеліктері, мұрағаттық құжаттар, далалық этнографиялық материалдар, статистикалық және әлеуметтанулық зерттеулерінің нәтижелері деректік негіз болды, бірақ ортағасырлық дереккөздер қарастырылмады.

«Халық тарих толқынында», «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында шетелдік қорлардан Рашид ад-диннің ХІІІ ғ. бірінші жартысында парсы тіліне аударған «Таңсұқ-нәме Илхәнй», анонимді «Асрәр әл-атиббә'», т.б. бірнеше ортағасырлық медициналық шығармалар көшірмелері алынды. Ирандық М. Минауи [10], түрік ғалымы С. Үнвер [11] «Таңсұқ-нәме Илхәнйдің» деректік маңызына ерекше назар аударып, трактатының толық мәтіні, 23 иллюстрациясы бар хижра жыл санауымен 713 (1313) ж. көшірген Ыстамбұлдағы Сүлеймания кітапханасында (инв.№ Ау.С 3596) сақтаулы көне нұсқасын жарыққа шығарды.

Шығармаға алғаш назар аударып, зерттелуіне түрткі салған мемлекет және қоғам қайраткері, түркітанушы ғалым Зәки Уәлиди Тоған (1890-1970

жж.) болатын. Ол «Тансұқ наме Илхани» қолжазбасы жайлы Ыстанбұл қаласында сапармен жүрген шығыстанушы ғалым В.В. Бартольдке (1869-1930 жж.) хабарлап, қолжазбаның миниатюрасы бар 12 парағының көшірмесін ұсынады [10, 2 б.]. Бартольд бұл еңбектің көшірмесін танысуға шығыстанушы-филолог, қытайтанушы, тибеттанушы ғалым А.А. Драгуновқа (1900-1955 жж.) жібереді. Драгунов «Тансұқ-наме» үзіндісін «Древнемандаринский язык в персидской транскрипции» атты зерттеуіне арқау етіп, қытай тілінің арап қарпінде жазылу дәстүрі (исытифэй) ортағасырларда XV ғ. дейін жалғасты деген бірнеше тұжырым жасайды [12, 395-396 бб.].

Сонымен қатар, қолжазба еңбек турасында тың зерттеулер жүргізген авторлар арасында: А. Аджыдуман, Ш. Шемс, Б. Арда, Г. Кырилен [13], Пол Бьюэлл [14], Ф. Кляйн Франк пен Чжу Мин [15], Пьер Юар [16], Вивьен Ло мен Ван И Дэнді [17] атауға болады. Өкінішке орай, отандық ғылымда бұл жазба деректер әзірге зерттелмей келеді.

Нәтижелері мен талқылама

«Жібек жолымен» алыс елдерден тасымалданған тауарлар қолөнер кәсібі мен шаруашылықтың дамуына ғана серпін берген жоқ, халықтар мен Ұлыстардың мәдени және ғылыми алмасуларына да жан бітірді. Соның ішінде медициналық білім мен практика мәдениетаралық алмасудың тікелей бенефициарларының бірі болды. Сондай алмасудың жарқын бір мысалы; оба, шешек, аусыл сияқты адамдардың жаппай өліміне себеп болған, қала, ауыл тұрғындарының зәре-құтын қашырған жұқпалы аурулардың алдын алу, емін іздеу, олармен күресу жұмыстарының басқа елдердегі тәжірибелер әуелде саудагерлердің баяндауымен, кейін емшілердің еңбектерімен тарап, Жібек жолы бойында тарихта алғаш рет шешекке қарсы «вариоляция» тәжірибесі дамып, кең қолданылады. Саудагерлердің Үндістан субконтинентіндегі емшілердің шешекке қарсы «тика» деп аталатын тәжірибені, яғни шешекпен ауырған науқастың жараларынан материал алып, оны жұқтырмаған адамның кішкентай жарасына жағу әрекетін жасағандары жайлы мәлімет таратқандығын баяндайтын деректер бар. Сау адам шешектің жеңіл түрімен ауырып, айыққаннан кейін ауыр ауруға қарсы күшке (иммунитетке) ие болады деген пікір қытай, парсы, түрік, араб емшілерінің арасында қолдау тауып, тез тарайды.

Вакцинация тарихын зерттеушілер Мәуереннаһр емшілерінің жұқпалы аурулардың алдын алу, күресу тәжірибелерінде кең қолданған «вариоляция», кейін XVIII ғ. «вакцинация» деп аталған егу тәжірибесі Жібек Жолының бойында орын алған және медицина саласындағы мәдени алмасулардан бастау алғанын айтады [18, 21-25 бб.].

Еліміздің мәдени мұрасын насихаттау, қолдану, сақтау және зерделеуге байланысты негізгі аспектілерді анықтайтын «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Архив-2025» Мемлекеттік бағдарламалар аясында тарихтың тереңінен тамыр тартқан, түркі халықтарының мәдениетімен

танысуға мүмкіндік беретін түрлі қорлардан жазба мұралар көшірмелері алынды. Ол көне еңбектер халық этнографиясын, этномедицинасын, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, тілін, дүниетанымын зерттеуге де таптырмас дерек болды. Сол деректердің қатарында ғылыми ортада өте аз зерттелген түркі медициналық білімінен мол мәлімет беретін ортағасырлық екі шығармаға арнайы тоқталамыз.

Түркі далалық медицина ерекшеліктері

Дешті Қыпшақты ең жайлаған көшпелі халықтардың ертеден бері қалыптасқан және емдік тәжірибелерінде жиі қолданған ем-дом түрлері болған. Мақалада ұсынған «Далалық медицина» термин ұғымына көшпенділердің емшілік өнерінің өзіндік ерекшелігі, таным-түсінігі, философиясы қамтылады.

Орта ғасырларда Жібек жолын еңдей жайлаған дала халықтарының медицинасының мына ерекшеліктеріне жіті назар аударуға болады:

Шөптермен емдеу (фитотерапия): Табиғатпен етене жақын өмір сүрген көшпелі түркі халықтары жаз жайлауының, күзек пен қыстақтардың жер жағдайына, шөбіне, суына баса назар аударған. Қысы-жазы төрт түлік малдың қамын ойлаған халық олардың жем-шөбіне, жеген шөптерінің қасиетіне үңілген. «Андызды жерде ат өлмейді», «Жусанды жерде мал өлмес», «Өлеңді жерде өгіз семіреді», «Тобылғы шөпке жетеді, шөп көпке жетеді», «Жалбызды жерде жан қалар, ерменді жерде ер қалар» немесе «Жыңғылды жерде жын жүреді», «Жыңғылды жерде мал айдама», «Алабұтаға ат бекітпе» деген сияқты тұрмыстық қажеттілігінен туындаған тұрақты сөз тіркестерінен, мақал-мәтелдерінен малына от іздеген шаруақор халықтардың әрбір өсімдіктің қасиетін түсінуге, жақсы білуге тырысқандарын, байқағандарын аңғару қиын емес. Шөптердің гүлдеу, өну, пісу, ұрық шашу, улы болу мерзімдерін бақылап, жыл маусымына қарай өсімдіктердің шипалық немесе улы қасиеттерінің артатынын біліп отырса керек. «Шипа – шөптен» деп білген көшпенділер емдік тәжірибесінде көбінесе жергілікті өсімдіктерге сүйенген. Науқастарды шөптермен емдеу кең тараған тәжірибе болған. Ол тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, практикалық тұрғыда үйретіліп, сан ғасырлар бойы жалғасын тауып, бірқатары тілінде сақталып келген.

Жануарлар өнімдермен емдеу (серотерапия): Көшпелілер тек өсімдіктерді ғана емес, аң-жануарлардан алынатын өнімдерді де емдік мақсатта кеңінен қолданған. Жануарлардың майын, сүтін, өтін, сүйектерін және басқа да өнімдерін ем-дом шараларында пайдаланып, түрлі дәрмектер дайындаған. Бұл мәліметтер көне ортағасырлық жазба деректерден жетепесе де XVI ғ. басында Көшпенді өзбектер ханы шибандық Әбу әл-Мансур Көшкінші (1432-1530) ханға жазылған «Дастур әл-‘илаж» («Емдеу дәстүрі») атты түркі тілінде жазылған медициналық шығармада аң, құс өнімдерінен дайындалған бірнеше дәрі-дәрмек түрлерін кездестіруге болады. Мысалы, көшпенділер бір ғана аң-жануарлар өтін мынадай емдерде пайдаланған: егер адамның көзіне ақ түссе қоянның

өтін көзіне тартады, ағын жоқ қылады [19, 16b]; егер суырдың өтін балмен араластырып шашы жоқ адамның (басына) жақса, шашы қаулап шығады, әрі қара болады [19, 34a]; егер адамның іші кеуіп, іш дәреті жүрмесе, қызыл ешкінің өтін қарнына жақса бірден ішін айдайды [19, 34b]; кімде-кімнің құлағы ауырса немесе саңырау болса, оның емі – жылқының өтін және құндыз құйрығын балмен араластырып құлағына жағу, бірден жақсы болады [35a]; егер түркептің (көгершіннің бір түрі) өтін етімен бірге отқа қақтап жесе, іш ауруына жақсы болады [19, 35b]; қарғаның өтін сақалына жақса ағарады [19, 36a]; ұлар өтін шайырмен (араластырып) барлық жараға жақса, жазылады [19, 38b]; ешкінің өтін алапес болған адамға жақса тәуір болады [19, 40a]. т.т. «Дастур әл-‘илаж» шығармасының мәліметтеріне сенсек, далалық жағдайда мал өнімдері емдік тәжірибелері үшін қолданатын бай материалдар көзі болған және ұзақ ғасырлар бойы көшпелі халықтардың емдік шара қажетін өтеп келген [20].

Рухани және психофизикалық емдеу әдістері: Дала медицинасында діни түсініктер мен дүниетанымдарға негізделген салт-жоралар, рәсімдер, ритуалдар (аластау, ұшықтау, үшкіру, дем салу, дұғалық жазу, т.б.) да кең қолданылған. Бақсы, диуана, тәуіп, молдалар физикалық және тылсым әлем арасындағы делдал емші қауым ретінде қабылданған. Бақсы, диуана дәруіштердің аластау, ұшықтау, үшкіруінен, тәуіп молдалардың дем салуынан, жазып берген дұғалық, шіріткілерінен шипа тауып, емдомдарына қанағаттанып келген.

Дәстүрлі емдік тәжірибелер: Көшпелі қоғамда ауырған жерлерге массаж жасау, тітіркендіру (акупунктура), кесу, жансыздандыру, қан алдыру, булау сияқты емдік әдістер де кең таралған. Бұл емдік тәжірибелерді көбінесе мол тәжірибе жинақтаған сынықшы, жарашылар қолданған. Бұл түрдегі сауықтыру, емдеу түрі тек практикалық қана емес, психологиялық және рухани сауаттылықты, үлкен тәжірибені да талап еткен дала медицинасының құрамдас бөлігі болған.

«Таңсұқ-нәме Илхәни», «Асрәр ал-атибба’» мұралары

Жібек жолы бойындағы медициналық алмасулардың жарқын бір көрінісі – «Рашид әт-Табиб», «Рашид әд-Дәулә» лақап атымен танылған, Елхандықтар мемлекеті тұсында маңызды қызметтер атқарған мемлекет қайраткері, ғалым, энциклопедист, дәрігер, атақты «Жамй’ ат-тауәрийх» («Жылнамалар жинағы») тарихи-энциклопедиялық еңбектің авторы – Рашид әд-Дйн Фазл Алла инб Әбу әл-Хайр әл-Хамадәнидің (1247–1318) парсы тіліне аударған «Таңсұқ-нәме Илхәни» атты медициналық аударма шығармасы. Зерттеушілер Рашид әт-Табиб «Таңсұқ-нәме Илхәни» шығармасын нақты қай тілден аударды деген сұраққа әзір тұшымды жауап бере қойған жоқ. Десе де, көп зерттеушілер шығарма Хан империясы (б.з.д. 206 – бз. 220 жж.) тұсында өмір сүрген қытай дәрігері Ван Шухәнің «Мо цзин» атты медициналық трактатынан аударылған болса керек деп жорамал жасайды [21, 120].

«Таңсұқ-нәме Илхәни» қолжазбасына алғаш назар аударғанын ғалым З.У. Тоғанның В.В. Бартольдке берген бірнеше беттерін зерттеген қытайтанушы лингвист А.Д. Драгунов ондағы исытифэй (亦思替非, yisītīfēi) – араб графикасымен жазылған қытай сөздерін тексере келіп, қытай шипагері Цуй Цзянның (崔家阳) «Май цзюэ» (脈訣, mài jué) – «Жүрек қағысын [тексеру] жолы» деген шығармасына өте жақын екенін жазады [12, 360-371; 22, 146-147]. Осы зерттеулер негізінде Эндо Мицуаки [23], Ханеда Койчи [24], Персис Берлекамп [25] т.б. зерттеушілер «Таңсұқ-нәме» қытай медициналық еңбектерінен аударылғаны жайлы бір ауыздан келіссе де, нақты қай шығармадан аударылғаны туралы әр түрлі пікір айтады. Бірқатар зерттеушілер «Таңсұқ-нәме» мазмұндық жағынан Сун патшалығы кезінде өлең шумақтарымен жазылған «Май цзюэ» шығармасына жақын келеді деп санаса, енді бірі ондағы диаграмма, миниатюралар Хан династиясы тұсында өмір сүрген Хуо Тоның (Hua Tuo) «Hua Tua Nei zhao tu» - Хуо Тоның ішкі аурулардың иллюстрациялары» еңбегіне жақын келеді деп санайды [26, 488-490].

Алайда, Елхан мемлекеті тұсында жазылған бұл жалғыз «Таңсұқ-нәме Илхәни» емес. Бұндай атаумен Рашид әд-Диннен де ертеректе атақты шығыс математигі, астроном, философ, география, музыка, оптика, медицина, минералогия бағытында елеулі еңбектер жазған қаламгер ғалым Наср әд-Дин Туси (Әбу Жафар Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Хасан Әбу Бәкр Насреддин ат-Туси, 1201-1274 жж.) минералогия саласына арнап «Таңсұқ-нәме Илхәни» атты еңбек жазған болатын. Бұл екі шығарманың аттары бірдей болғанымен авторлары мен қозғаған тақырыптары әр түрлі шығармалар.

«Таңсұқ нәме иа тибб-и ахл-и Хитā» (اتخ له ابط اي همان قوسكنت) деген атпен Таңсұқ-нәменің алғашқы баспа кітабында шығарманың аталуы былай түсіндіріледі: «Бұл кітап алдыңғы өткен хәкімдердің (даналардың) айтқандарынан және зағип [пенденің] тәжірибелерімен белгілі болған нәрселерді жинақтап, осы кітабыма «Таңсұқ нәме-и Илхәни» деп ат бердім. Онда патшаның алдында таңсық деп саналған әр нәрсенің, сый-сыяпаттың мәнін баяндадым».

Кітап кіріспесінен байқағанымыздай, автор шығармасына «Таңсұқ-нәме» атауын бергенде қытай емес, түркі тіліндегі «таңсық» сөзін ғажайып, таптырмас таңсық дүние деген мағынасында қолданып, кітап атауына лайық көрген. Рашид әд-Диннің «Таңсұқ нәмесі» өз кезеңінің медицина саласы бойынша алғашқы теориялық және практикалық маңызы зор еңбектердің бірі болды және ұзақ жылдар бойы медицина саласын таңдаған шәкірттері оны оқу құралы ретінде ұзақ жылдар бойы пайдаланған, көшірген. Бұл еңбектің атап өтер тағы бір ерекше тұсы – адам анатомиясы егжей-тегжейлі бейнеленген [10, 102-103].

Екі парсылық автордың еңбектеріндегі маңызды тұсы – екеуі де Елхандық билеушілерге арнап жазған. Елхан мемлекеті (Хулагу мемлекеті) 1256-1353 жж. аралығында Орта Азия мен Таяу Шығыста билігін жүргізген мемлекет. Дәл осы Елхан мемлекеті тұсында араб,

парсы халқы қытай, тибет медицинасымен ғалымдардың аударма еңбектері арқылы таныса бастайды. Бұл үрдістің басында сол кезеңдерде мемлекеттік қызмет атқарған қаламгер ғалым Наср ад-Дин Туси мен Рашид ад-Дин Хамадани тұрды [27, 214].

«Асрәр ал-атиббә'» трактаты

Жібек жолы бойындағы медициналық алмасулардың тағы бір жарқын көрінісі – шағатай түркі тілінен парсы тіліне аударылған «Асрәр ал-атиббә'» («Емшілер сыры») атты анонимді шығарма. «Асрәр ал-атиббә'» шығырмасының маңыздылығына алғаш көңіл бөліп, ғылыми ортаға ұсынған әскери дәрігер, эпидемиолог-ғалым, Франция Ғылым Академиясының корресподент мүшесі, Ұлттық Медицина Академиясының академигі – Д. Тулузан (Joseph-Desire Tholozan, 1820–1897) болды. Қаджар шахы Наср ад-дин Шах (1831-1896) Франциядан мемлекетіне денсаулық сақтау ісін дамытуға, Еуропа тәжірибесін үйретуге тәжірибелі дәрігер жіберуді сұрайды. Францияның Сыртқы істер министрлігі бірінші дәрежелі танымал дәрігер Д. Тулузанды 1858 ж. Иранға аттандырады. Ел арасында Табйб Түлүзән Иүнәни есімімен танылған ол Қаджар шахының сарайында 30 жыл Хақим-башы (ميكيك (يشاب) қызметін атқарады. Ғалым Тегеранда жүрген жылдары парсы, үнді медицинасымен танысып, бұрын-соңды зерттелмеген өте сирек кездесетін екі ортағасырлық трактатты: 1) «Асрәр ал-атиббә'»; 2) «Рисәла дар тибб» жарыққа шығарады. [28, 296]

Алғашқы аталған медициналық шығарманы «Asrār al-aṭibbā' iā mudjarrabāt īlat Chagātāi» (ييات غج تالاي تابرجم اباطالارارسا) – «Емшілер сыры немесе Шағатай елдерінің емшілік тәжірбиесі» деген атпен Тегеранда 1276/1860 жылы бастырып шығарады. Ол баспа кейін 1963 жылы араға жүз жыл салып екінші мәрте басылады. Тулузан кітап кіріспесінде трактаттың қолжазбасы, шығу тарихына қысқа шолу жасайды. Жазуынша тозығы жеткен, парақтары түбінен ажырап ретсіз шашылған қолжазбамен танысуына, беттерін реттеп, баспаға дайындауына екі ай уақытын жұмсаған. Оны қолжазба мәтініндегі дәстүрлі парсы және грек медицинасынан тіпті бөлек ем-дом түрлері қызықтырған. Мәтінімен толық таныса келіп, Орта Азия халықтарына тиесілі екенін және хижра жыл санауымен 910/1506 жылы түрік тілінен парсы тіліне Мирзә Шихаб ад-дйн Сәкиб Даһлауи әл-Хорасані атты адамның аударғанын анықтайды. Мирзә Шихаб ад-дйн Сәкиб Даһлауи сол жылы Бомбей арқылы қажылыққа бара жатқан Исфиджабтық Шахзада Азат Мухаммад Өзім төренің қолындағы шағатай тіліндегі қолжазбасынан аударады [29, 14]. Мухаммад Өзім төрені Шахзаде деп көрсетуіне қарағанда қолжазба иесі де беделді адам болмаса керек.

Парсы әдебиеттерінде «Асрәр ал-атиббә'» деген қысқа атауымен танылған бұл медициналық трактатта жалпы саны 80-нен аса түрлі аурудың емдік жолдары баяндалады. Кітап мәтінінде алдымен аурудың аты аталып, сол ауруға байланысты ем-домы баяндалады. Трактат аударма

шығарма болғандықтан ондағы ем-дом жолдары аса жеңіл, барлығына ұғынықты тілмен баяндалған [30].

«Асрәр ал-атиббә» («Емшілер сыры») атты медициналық трактатын далалық медицина мәдениетінен, ерекшеліктерінен, эпидемиялық ауруларға қарсы көшпенді халықтарының күресу жолдарынан, фармакологиялық білімдерінен мол мәлімет беретін шығарма. Шығарманы арнайы зерттесе де түркі тілінде жазылған ортағасырлық шығармаларға шолу еңбектер жазып жүрген белгілі түрік ғалымы В. Хайдар мен И.Н. Уисал «Асрәр ал-атиббә»ны» шағатай тілінде жазылған алғашқы медициналық еңбек деп бағалайды [31, 380].

Қорытынды

Өркениет көші болған Жібек жолының бойындағы қала, рабаттарда түрлі кәсіптер мен қолөнерлер, халық шаруашылығы өзіне тән даму ерекшеліктеріне ие болған. Көшпелі халықтардың өзіндік емшілік өнеріне, әсіресе, шөппен емдеу тәжірибесіне қалалық өркениет өкілдері – ғалымдар мен емші-хәкімдер үлкен қызығушылық білдірген. Мәуереннаһрлық шығармашыл ғалымдар мен хәкімдер көшпенді жұрттың емшілік тәжірибесі мен өнерін хаттап, араб, парсы, үнді, қытай емшілік тәжірибесімен өзара салыстырып, жергілікті халықтың дәстүрі мен танымына, тұрмысы мен шаруашылығына, қоршаған табиғат жайына лайықтап отырған. Ол үрдіс Жібек жолы бойындағы сауда керуендері бәсендеген XV–XVII ғасырларда да жалғасын тапқан.

Шетелдік қорлардағы жазба мұралардың көшірмесін елге әкелуде ҚР Үкіметі қабылдаған мемлекеттік бағдарламалардың рөлі үлкен болды. 2003 жылдан 2011 жылға дейін жалғасқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения, сонымен қатар АҚШ пен Батыс Еуропаға жалпы саны 22 мемлекеттің 85 мұрағат, қорларына ғылыми-зерттеу экспедициялар ұйымдастырылып, нәтижесінде 5 мыңнан астам Қазақстан тарихына, мәдениетіне қатысты архивтік құжаттар, қолжазбалар көшірмелері мен шет тіліндегі баспа кітаптар әкелінді. ҚР Үкіметі 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 953 қаулысымен «Архив – 2025» бағдарламасы аясында Қазақстан тарихы бойынша 7 000-нан астам құжаттар мен қолжазбалар көшірмесі сатып алынды. Солардың ішінде түркі халықтарының ортағасырлық емшілік өнері баяндалған жазба мұралардың көшірмесі алынды, бірақ ол мұралардың зерттелуі әзірге кемшін болып тұр. Қазақ хандығымен ауылы аралас, қойы қоралас, етене жақын Моғол (XIV–XV ғғ.), Шибан (1500-1601) мемлекеттерінің хандарына жазылған «Дастур әл-‘илаж» (Көшкінші ханға жазылған), «Зубдат ал-каххалин» («Көз емшілерінің қаймағы», шибандық Абдуллатиф ханға арналған) сынды, аштархадық билеуші Субханқули ханның қаламымен жазылған «Табиблік кітабі», «Ихйа’ ат-тибб Субхани», Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүр ханның «Манәфи’ ал-инсән» («Адам пайдасы») медициналық шығармалары мұрты бұзылмаған күйде қорларда шан

басып жатыр. Бұл жазба деректердегі баяндалған емшілік өнер, автордың заманынан бұрын бар және ел арасында қолданылып келген тәжірибелер екені даусыз. Бұл тақырып шетелдік қорлардағы бабалар мұрасын зерттеуге үлкен мүмкіндік берген мемлекеттік бағдарламалар болмағанда жабулы қақпақ күйінде қалар еді.

Бұл тұрғыдан келгенде жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарлама аясында елге әкелінген Қазақстан территориясында билік құрған Шыңғыс хан ұрпақтарының Ұлыстары тұсында жазылған «Асрār ал-атиббā», «Таңсұқ-нāме Илхāнй» шығармалары Еуразиядағы Сайын дала иесі – түркілердің далалық медицинасын зерттеуге таптырмас дерек деп бағаласа болады. Бұл шығармалардың парсы тіліне аударылуы Жібек жолы бойындағы медициналық білім алмасу үрдісі жүргенін көрсететін басты дерек деп білеміз. Ол алмасуларда далалық медицина қалалық өркениеттен оқшауланып қалмай, біте қайнасып, дамып отырғанын көрсетсе керек. Бұл шығармалардың сандық нұсқасы бүгінде мемлекеттік бағдарламалар аясында әкелінген жазба мұралар көшірмесін жүйелеп, ортақ қорға жинап отырған Астана қаласындағы Ұлттық қолжазба орталығында.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырды (грант № AP19675139).

ӘДЕБИЕТТЕР.

1. Bīlīk bin 'Abd Allah al-Kīfshākī. Kanz al-tujār fī ma'rafat al-ahjār. Dār al-Kutub, Tab'ah Taimūr. No 135. f. 1b-186b. [in Arab]
2. Мирский М.Б. Медицина России X–XX веков: очерки истории. – М.: РОССПЭН, 2005. – 107 с.
3. Субханбердин С.Х. Лекарственная политика и история развития аптечного дела в Казахстане / Автореферат на соискание ученой степени канд. фарм. наук. – Алматы, 1967. – 64 с.
4. Артишевский А. Этюды о врачевателях и фармацевтах. - Алматы: Эмити, 2006,
5. Төлеубаев Ә.Т. Қазақтағы бақсылық // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Т.1. – Алматы, 2006. – Б. 24–42.
6. Переверзев В.Г. Лекарственная помощь и история становления аптечного дела в Казахстане // Казахстанский фармацевтический вестник. – 2002. – № 21(169). – С. 8–21
7. Жуманазаров Х.С. Традиции, связанные с узбекской народной медициной: автореферат дисс. PhD: 07.00.07. / Х.С. Жуманазаров; Институт истории АН РУз. – Ташкент, 2018. – 52 с.
8. Аалиева Г.К., Тентигулкызы Н. Эволюция народной медицины и ее место в социальной структуре кыргызов по эпосу «Манас» // Интерактивная наука. – 2017. – №12. – С. 111–120
9. Afanasyeva A. Russian Imperial Medicine: The Case of the Kazakh Steppe // Crossing Colonial Historiographies: Histories of Colonial and Indigenous Medicines in Transnational Perspective. / Ed. by A. Digby, W. Ernst, P.B. Mukharji. – Newcastle: Cambridge Scholars Publishing, 2010. – P. 57–75.
10. Rashīd al-Dīn Tabīb (1931). Tansyknāme-i Ilkhānī iā Tibb Ahl-e Hitā / Edit. M. Mīnavī Tehrān. – 519 p. [in Farsi]
11. Ünver S. Tansuknamei İlhan Der Fünunu Ulumu Hatai Mukaddimesi. – İstanbul: Milli Mecmuası Basımevi, 1939. – 112 s.
12. Драгунов А.А. Древнемандаринский язык в персидской транскрипции // Известия Отделения гуманитарных наук АН СССР. – 1931, – № 3. – С. 359–375.

13. Acidurman A., Şems Ş., Arda B., Kirilen G. (2022) A Preliminary Study on Chapters Related to Human Anatomy in An Illustrated Persian Medical Book: Tānksūqnāme-i İlkhān Der Funūn-i 'Ulūm-i Khaṭā'ī. *Belleten*. No 87(309), 415-437. [in Turkish]
14. Buell P. How did Persian and Other Western Medical Knowledge Move East, and Chinese West? A Look at the Role of Rashid al-Din and Others // *Asian Medicine*. – 2007, – № 3. – Б. 279-295.
15. Klein-Franke F., Zhu Ming. Rashīd ad-Dīn as a Transmitter of Chinese Medicine to the West // *Le Muséon*. – 1977, – CIX/3, – P. 395–404.
16. Huard P. Propos du Tenk Suk Name (Tenksuq-nameh) // *Méridiens: Revue de l'Association Scientifique des Médecins Acupuncteurs*. – 1977, –№ 37-38. – Б. 11-16.
17. Vivienne Lo, Wang Yidan. Chasing the Vermilion Bird: Late Medieval Alchemical Transformations in The Treasure Book of Ilkhan on Chinese Science and Techniques // *Imagining Chinese Medicine*. –2018, – V.18. – Б. 291–304.
18. Riedel, Stefan. Edward Jenner and the history of smallpox and vaccination // *Baylor University Medical Center Proceedings*. – 2005, – №18. – P. 21-25.
19. Султан 'Али ал-Хурасāни. «Дастūr ал-'илāж». Қолжазба, «Ампиp» антикварлық салоны, жеке қор. №7.10 (152). ff. 1а–88б.
20. Шадкам З., Тұяқбаев Ө., Сұлтанбек К. «Дастūr ал-'илāж» трактатындағы халық емшілігі – медициналық антропология көзқарасымен // *Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы*. – 2022, – №3. – Б. 89–100.
21. Acar V. Tibet tıp kaynaklarına göre Orta Asya türk tıbbı // *Mersin Üniversitesi Tıp Fakültesi Lokman Hekim Tıp Tarihi ve Folklorik Tıp Dergisi*. – 2015, –№ 5(3). – S. 115-123.
22. Завьялова О.И. Диалекты китайского языка. – М.: Восточная книга, 1996.
23. Endo, Mitsuaki. Oshukuka (Myakuketsu) Perushagoyaku ni hanei shita 14 seiki hatsu chugokuon // *Hashimoto Mantaro kinen chugokugogaku ronshu*. [Китайское произношение начала XIV в., отраженное в персидском переводе трактата «Методы [исследования] пульса» Ван Шухэ // *Сборник трудов по китайскому языкознанию памяти Хасимото Мантаро*: – Токуо: Uchiyama shoten, 1997, – P. 219–236. (На яп. яз.)
24. Haneda, Koichi. On the Original Chinese Text of the Persian Translation of “Mochueh” // *Journal of Asian and African Studies*. – 1995, –№ 48(49). – P. 719-726.
25. Persis, Berlekamp. The Limits of Artistic Exchange in XIVth-Century Tabriz: the Paradox of Rashid Al-Din's Book on Chinese Medicine // *Muqarnas an Annual on the Visual Cultures of the Islamic World*. Brill. – 2010, – V. 27. – P. 209–250.
26. Saburo, Miyasita. A Link in the Westward Transmission of Chinese Anatomy in the Later Middle Ages, *Isis* 58. – 1967, –№ 4. – P. 486-90.
27. Haykiran K. İlhanlılar zamanında kültür ve eğitim. – Ankara, 2015. – 444 s.
28. Theodorides, J. (1998) Tholozan and Persia. *History of Science*, No 32(3), 287-296.
29. Tūlūzān, lūnānī (1383). *Asrār al-aṭṭibbā' iā mudjarrabāt filāt Čaġatāi*. Ṭchrān: Muassase-ie muṭāla'ā't-e tarīkh, ṭibb-e islāmī. – 101 s. [in Farsi]
30. Тұяқбаев Ө., Шадкам З., Қайранбаева Н. Ортағасырлық түркі медицинасының парсы тіліндегі мұрасы – «Асрār ал-атибба'» // *ҚазҰУ хабаршысы, Шығыстану сериясы*. – 2023, – № 4 (107). – Б. 97–104.
31. Uysal N. *Türk Dili Tarihinde Çaġatay Türkçesiyle Yazılmış Tıp Metinleri ve Taḫibçilik*. // *Tarihsel ve Çaġdaş Türk lehçelerinde Tıp: Metinler, Tarih, Uygulamalar, Kavramlar, Terimler*. – Ankara, 2020. – S. 375–392.

REFERENCES:

1. Bīṭīk bin 'Abd Allah al-Ḳiṣṣāḳī. *Kanz al-tujār fī ma'rafat al-ahjārp*. Dār al-Kutub, Taḫī'ah Taimūr. No 135. f. 1b-186b. [in Arab]
2. Mirski, M.B. (2005) *Medicina Rossii X–XX vekoe: ocherki istorii (Medicine of Russia of the 10th–20th centuries: essays on history)* – Moscow. 107 p. [in Russian]
3. Subhanberdin, S.H. (1967) *Lekarstvennaya politika i istoriya razvitiya aptechnogo dela v Kazakhstane (Drug policy and history of pharmacy development in Kazakhstan)*. Author's abstract on competition of university degree. Pharm. science. Almaty, – 64 p. [in Russian]
4. Artishevsky, A. (2006), *Etyudi o vrachevatryah i farmaseftikah (The study is for doctors and pharmacists)*. - Almaty: Amity. [in Russian]
5. Toleubayev, A.T. (2006). “Qazaqtaġı baqsılıq” (Kazakh witchcraft), *Qazaq xalqınıñ dāstūrleri men ādet-ġurıptarı*. – V.1. – Almaty. pp. 24–42. [in Kazakh]
6. Pereverzev, V.G. (2002). *Lekarstvennaya pomosh i istoriya stanovleniya aptechnogo dela v Kazakhstane (Medical care and the history of the establishment of the pharmacy business in Kazakhstan)*. *Kazakhstanski farmaceuticheski vestnik*. No 21(169), 8–21. [in Russian]
7. Zhumanazarov H.S. (2018) *Tradicii, svyazannye s uzbekskoi narodnoi medicinoi (Traditions related to Uzbek folk medicine)*. Abstract of dissertation PhD: 07.00.07. History

Institute of the AN R.Uz. - Tashkent. - 52 p. [in Uzbek]

8. Aaliyeva, G.K., Tentigulkyzy, N. (2017) Evoluciya narodnoi medicinoini ee mesto v socialnoi structure kirgizov po eposu "Manas" (Evolution of folk medicine and its place in the social structure of the Kyrgyz according to the epic "Manas"). *Interaktivnaya nauka*. No 12, 111–120. [in Russian]
9. Afanasyeva, A. (2010). "Russian Imperial Medicine: The Case of the Kazakh Steppe". *Crossing Colonial Historiographies: Histories of Colonial and Indigenous Medicines in Transnational Perspective*. / Ed. by A. Digby, W. Ernst, P.B. Mukharji. Newcastle: Cambridge Scholars Publishing. pp. 57–75.
10. Rashid al-Din Tabib (1931). *Tansyknâme-i Ilkhānī iā Tibb Ahl-e Hitā* / Edit. M. Mīnavī Tehrān. – 519 p. [in Farsi]
11. Ünver S. Tansukname-i İlhan Der Fünunu Ulumu Hatai Mukaddimesi. – İstanbul: Milli Mecmua Basımevi, 1939. – 112 s. [in Turkish]
12. Dragunov, A.A. (1931) Drevnemandarinskii yazyk v persidskoi transkriicii (Ancient Mandarin in Persian transcription). *Izvestiya otdeleniya gumanitarnich nauk AN SSSR*. No 3, 359–375. [in Russian]
13. Acıdurman A., Şems Ş., Arda B., Kirilen G. (2022) A Preliminary Study on Chapters Related to Human Anatomy in An Illustrated Persian Medical Book: Tānksūqnâme-i İlkhān Der Funūn-i 'Ulūm-i Khaṭā'ī. *Bellesten*. No 87(309), 415-437. [in Turkish]
14. Buell, P. (2007). How did Persian and Other Western Medical Knowledge Move East, and Chinese West? A Look at the Role of Rashid al-Din and Others. *Asian Medicine*. No 3, 279-295.
15. Klein-Franke F., Zhu Ming. (1977). Rashid ad-Dīn as a Transmitter of Chinese Medicine to the West. *Le Muséon*, CIX/3, pp. 395-404.
16. Huard P. (1977) Propos du Tenk Suk Name (Tenksuq-nameh). *Méridiens: Revue de l'Association Scientifique des Médecins Acupuncteurs*. No 37-38, 11-16.
17. Vivienne Lo, Wang Yidan. (2018). Chasing the Vermilion Bird: Late Medieval Alchemical Transformations in The Treasure Book of Ilkhan on Chinese Science and Techniques. *Imagining Chinese Medicine*. – V.18, 291-304.
18. Riedel, Stefan. (2005) Edward Jenner and the history of smallpox and vaccination. *Baylor University Medical Center Proceedings*. No 18, 21-25.
19. Sultān 'Alī al-Horāsānī. Dastūr al-'Ilāj. Manuscript, "Ampir" antique salon, private collection. No 7.10 (152). ff. 1a–88b. [in shagatai/turki]
20. Şadkam Z., Tuyaqbaev Ö., Sultanbek K. (2022) «Dastūr al-'Ilāj» traktatındağı xalq emşiligi – medicinalıq antropologiya közqarasımen (Folk medicine in the treatise "Dastūr al-'Ilāj" - from the point of view of medical anthropology). *Evrāziya Gumanitarlıq Institutı Habarşısı*. No3, 89–100. [in Kazakh]
21. Acar, V. (2015). Tibet tıp kaynaklarına göre Orta Asya türk tıbbi. *Mersin Üniversitesi Tıp Fakültesi Lokman Hekim Tıp Tarihi ve Folklorik Tıp Dergisi*. No 5(3), 115-123. [in Turkish]
22. Zavyalova O.I. (1996). *Dialekty kitaiskogo yazyka (Chinese dialect)*. M.: Vostochnaya kniga. [in Russian]
23. Endo Mitsuaki (1997). Oshukuka (Myakuketsu) Perushagoyaku ni hanei shita 14 seiki hatsu chugokuon. Hashimoto Mantaro kinen chugokugogaku ronshu. [Chinese pronunciation of the early 14th century, reflected in the Persian translation of the treatise "Methods [of studying] the pulse" by Wang Shuhe. Collection of works on Chinese linguistics in memory of Hashimoto Mantaro] Tokyo: Uchiyama shoten, 219–236 peji. [in Japan]
24. Haneda, Koichi (1995), On the Original Chinese Text of the Persian Translation of "Mochueh". *Journal of Asian and African Studies*. No 48(49), 719-726.
25. Persis, Berlekamp (2010). The Limits of Artistic Exchange in XIVth-Century Tabriz: the Paradox of Rashid Al-Din's Book on Chinese Medicine. *Muqarnas an Annual on the Visual Cultures of the Islamic World*. Brill. Vol. 27, pp. 209-250
26. Saburo, Miyasita (1967). A Link in the Westward Transmission of Chinese Anatomy in the Later Middle Ages. *Isis* 58, No 4, 486-90.
27. Haykıran K. (2015) İlhanlılar zamanında kültür ve eğitim. Ankara. – 444 s. [in Turkish]
28. Theodorides, J. (1998) Tholozan and Persia. *History of Science*, No 32(3), 287-296.
29. Tūlūzān, İūnānī (1383). *Asrār al-atıbbā' iā mudjarrabāt filat Chağatāī*. Tehrān: Muassase-ie mu'āla'āt-e tarīkh, tıbb-e islāmī. – 101 s. [in Farsi]
30. Tuyakbaev Ö., Şadkam Z., Kayranbaeva N. (2023) Ortağasırlıq türki medicinasınıñ parsı tilindegi murası – "Asrār al-atıbbā". *QazUW xabarşısı, Şığıstanw seriýası*. No 4 (107), 97–104. [in Kazakh]
31. Uysal İ.Nebi (2020). Türk Dili Tarihinde Çağatay Türkçesiyle Yazılmış Tıp Metinleri ve Tabıbcılık (Medical Texts Written in Chagatai Turkish and Tabıbcılık in the History of Turkish Language). *Tarihsel ve Çağdaş Türk lehçelerinde Tıp: Metinler, Tarih, Uygulamalar, Kavramlar, Terimler*. Ankara. – S. 375-392. [in Turkish]